



ХҒТАР 16.21.47
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-243-252>

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің лексикалық ерекшеліктері

Қ.К. Кенжалин^{ORCID}, Н.Қ. Шалғынбай^{ORCID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kenkk@mail.ru, shalgynbai_nurbek@list.ru)

Аңдатпа. Көне қыпшақ тіліне қатысты сақталған жазбалардың жазылған жері, пайдаланылған жазуы, жазудағы мақсаты, тарихи кезеңдері туралы ақпарат алуан түрлі. Мұндай ескерткіштердің барлығы біздің дәуірімізге тұтас жетпеген. Мәмлүк қыпшақтарының мұралары саналған «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» атты қыпшақ жазба мәтіні өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл жазба ескерткіш Мысыр мемлекетіндегі қыпшақтардың тілінде жазылған. Ескерткіш мәтінін жазуда араб жазуы қолданылған. Мәтіннің сөздік бөлімі толық сақталған.

Мысырдағы мәмлүк қыпшақтарының тілі толықтай зерттелмеген тақырып саналады. Олардың бір тобына зерттеу жұмыстары арналуда. Бірақ қазақ тіліне аудару, оларды толықтай зерттеу іске асырылмай келеді. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» жазба ескерткішіне осыған дейін түсіндірме беріліп, жеке ғылыми мақалалар арналды. Бірақ ескерткіштің лексикалық қорына толықтай талдау жасалмады. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегі өз заманында қыпшақ тілін меңгертетін сөздік әрі оқу құралы қызметін атқарған. Бұл еңбек қыпшақтардың Мысырдағы үстемдігін дәлелдейді және қыпшақ тілінің лексикасын сипаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан осы еңбектің лексикалық қорына талдау жасау маңызды болып есептеледі.

Түйін сөздер: қыпшақтану, лексика, қыпшақ тілі, тарихи жазба ескерткіш, мәмлүк қыпшақтары.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

Кіріспе

Қазіргі қазақ тілі өзінің даму кезеңінде бірнеше сатыдан өткені белгілі. Тіл білімі саласында зерттеу жұмыстарындағы өзекті тақырыптардың бір тобы тілдің даму сипаты, орта ғасырлардағы әлеуметтік, мәдени қызметі негізінде лексикалық қордың қалыптасуы жөнінде. Қазақ тілінің тарихын зерттеу көне қыпшақ кезеңін шеттеп өте алмайды. Тіл тарихы, таралуының географиялық ауқымы, сақталған тарихи ескерткіштер саны жөнінен көне қыпшақ тілі ерекше мәнге ие. Қыпшақтану қыпшақтардың тарихын, мәдениетін, тілін, этнографиясын зерттей отырып, бірнеше саланың басын біріктіреді. Қыпшақ тіліндегі тарихи мәтіндер, сөздіктер тағы да басқа ескерткіштер лингвистикалық тұрғыдан талдауды қажет етеді. Осы талдаудың негізінде қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақтық қабатты анықтауға болады.

Қыпшақтар орта ғасырларда үлкен географиялық аумаққа иелік етті. Ол аумақ кей зерттеулерге қарағанда Балқаш көлінен Қырымға дейінгі жерді қамтиды. Қыпшақ тіліне келер болсақ, ол Дешті Қыпшақ деп аталатын кеңістіктегі тайпалардың тілі екендігі белгілі. Бұл кеңістік атауы қыпшақ даласы дегенді білдірді. Тарихи деректер мен қазіргі таңда белгілі болып жатқан мәліметтерге қарағанда қыпшақтар бұдан бөлек жерлерде де өмір сүрген. Бұдан басқа қыпшақтардың қоныс аударуына байланысты Қырым, Кавказ, Армян аймақтары, Батыс Еуропа, Сирия мен Мәмлүктік Мысыр жерінде де осы тіл қолданыс тапты. Дегенмен қыпшақтар қонысы тұтасқан бір географиялық аумақ болған жоқ. Әр жерде қоныс тепкен қыпшақтар да түрліше аталды. Дешті Қыпшақтың оңтүстігін және батысын мекендеген қыпшақтар тарихта «коман» немесе «куман» деп аталса, солтүстік аймақты мекендеген қыпшақтар «половецтер», Мысыр мен Сирия жерлерінде саяси басымдыққа ие болған қыпшақтар «мәмлүктер» атанған [1, 44]. Осындай атаулармен қатар қыпшақтардың түрлі мемлекеттер құрамында болуына, саяси-әлеуметтік, мәдени орталықтарға қатысына қарай ғылыми зерттеулерде Орта Азия қыпшақтары, Алтын Орда қыпшақтары, Қырым қыпшақтары, Қазақстан қыпшақтары деген секілді шартты атаулар да қолданылады [1, 45].

Қыпшақ тілі қазір белгілі бір этникалық топтың тілі емес. Дегенмен түркі тілдерінің бір тобы қыпшақ тілдер тобы деп аталады. Мысалы қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай, құмық сияқты тілдер өзінің тегін қыпшақ тілінен алады. Көне қыпшақ тілінің зерттелуі мен ол туралы алғаш мәліметтер ұсыну М. Қашқариге тиесілі [1, 45]. Ғалымның еңбегінде қыпшақ тілінің грамматикалық ерекшелігі көрсетіліп, лексикасынан мысалдар берілген. Қыпшақ тілі сол замандағы таралымы кең тіл ретінде көрсетілген.

Қыпшақ мәдени ескерткіштері белгілі бір орталықта шоғырланды. Белгілі бір аймақтағы себептерге байланысты пайда болды. Ғылымда да шартты түрде сол жердің ескерткіші деп аталады. Қыпшақтанудағы белгілі ғалымдар Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов қыпшақ мұраларын қандай жазумен жазылғандығына байланысты бес топқа жіктеген. Олар: XIII-XIV ғасырларға қатысты ежелгі готикалық көне ширптімен жазылған ескерткіштер; XI-XIV ғасырларға тиесілі араб әліпбиімен жазылған ескерткіштер; XV-XVI ғасырларға қатысты армян жазуларымен берілген ескерткіштер; XI-XIII

ғасырларға қатысты орыс әріпімен берілген ескерткіштер; Шығыс Еуропада орналасқан халықтардың тілдерінде сақталған, сол елдердің жазуымен беріліп жүрген әр деңгейдегі материалдар, кісі аттары, жер-су атаулары және тағы басқа [1, 45].

Қыпшақтардың мұраларына байланысты ескерткіштердің жоғарыда аталған бірінші тобы көне итальян, неміс тілдерінде, мұралардың екінші тобы классикалық араб тілінде, ал үшінші топтағы ескерткіштер армян, поляк тілдерінде, төртінші топтағы мұраларға келер болсақ, орыс әріпімен берілген және орыс тіліне аударылып берілгендері де бар. Соңғы бесінші бөлік қыпшақтарға қатысты тілдік бірліктер көбінесе орыс, украин, беларус, венгер, поляк, грек, грузин, армян тілдерінде ұшырасады [1, 45]. Аталған топтардағы тілдік мұралар түгел басқа халықтардан болған авторлардың қолынан шыққан дүниелер болып саналады. Дегенмен араб тілінде жазылған ескерткіштердің авторы қыпшақ болуы да мүмкін.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысын жүргізуде қыпшақ жазба мәтіндерін сапалық және сандық тұрғыдан толық түсіндірген Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтардың еңбектеріне, А.Н. Гаркавецтің аударма басылымына сүйенеміз. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінің лексикалық ерекшелігін таныту үшін қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін салыстыру, тілдік бірліктерді сипаттау және талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Біздің дәуірімізге жеткен әрі мұрағат қорларында сақталған қыпшақ мұраларының ауқымды бөлігін мәмлүк қыпшақтары тіліне қатысты еңбектер құрайды. XIII-XIV ғасырларда Мысыр және Сирия жерін мекендеп, саяси билікке ие болған қыпшақтар жергілікті халықтың саяси-әлеуметтік, ғылыми-мәдени өміріне ықпал ете бастады. Қыпшақ тіліндегі еңбектердің жазылуына Мысыр билігіне қыпшақ мәмлүктерінің келуі әсер етті. Мұндағы «мәмлүк» сөзінің мағынасын түсіндіре кетсек, ол бір этникалық топ атауы емес. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің бірінде мәмлүктер көне түркі халықтарының бірі ретінде түсіндірілген [2, 302]. Мәмлүк – араб сөзі және бұл сөзді түрік текті халықтың атауы деуге келмейді. Мәмлүк сөзінің мағынасына келетін болсақ, қазақ тіліндегі көнерген сөздердің түсіндірме сөздігінде ақ құл, мемлекеттің құлы деген мағыналарымен берілген [3, 211]. Мәмлүк сөзі халық емес, жеке адамға қатысты қолданылған деуге болады. Халқы мұсылмандардан болған мемлекеттерде әскери және әкімшілік қызметтерді атқарушы құл немесе азаттығы бар адам деген мағынасында қолданылған. Мәмлүктер мемлекет құлы деген түсінікке барлық ғалымдар келісе бермейді. Мәмлүктер – өзара тең әскери шонжарлар [4, 15]. Орта ғасырларда ислам дініндегі елдер мәмлүк аталатын құлдарды жауынгер ретінде пайдаланды. Мәмлүктер әскери күштің орталығын қалыптастырды және жиі көтеріліс жасап, мемлекеттік билікті иеленген.

Біз зерттеу нысаны еткен «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткіші жоғарыда аталған топтардан мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған мұралар

қатарына енеді. Отандық тіл білімінде көне мұралар тілінің зерттеле бастауы 1950-1990 жылдар аралығында іске асты. Бұл кезеңде жазба ескерткішке қатысты жекелеген мәселелер мен қазіргі түркі тілдеріне сол ескерткіштердің қатысы туралы еңбектер арналды. Арнайы диссертациялар қорғалып, мақала мен монография көлемінде еңбектер жарық көрді.

Жалпы тілдерінің тарихын зерттеушілер тіліміздің даму кезеңдерін алтай дәуірі, хун дәуірі, түркі тілдерінің ерте дәуірі, түркі тілдерінің орта дәуірі, түркі тілдерінің жаңа дәуірі, түркі тілдерінің қазіргі дәуірі деп жіктей қарап келеді. Осы жік бойынша қарасақ, түркі тілдерінің орта кезеңінде қазіргі таңда белгілі түркі тілдерінің көпшілігі қалыптасқан кезең деп айта аламыз. Бұл кезеңде қыпшақ тілінің рөліне назар аударуымыз қажет. Айта кететін жайт алғашқы зерттеуші М. Қашқари тілдердің қолданылуы мен олардың тазалығына қатысты түркі тілдерін бөле қарауы. М. Қашқари таза түркі тілі ретінде қыпшақ тілін атайды [5, 174].

Қазақстандық ғалымдар Ә. Қайдар, М. Оразов «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегін жалғыз данасы сақталған және авторы белгісіз болып келген мұралар қатарына қосқан [6, 26]. Сақталған жалғыз нұсқа Голландияның Лейден кітапханасында тұрғандықтан, бұл еңбекті голландиялық ғалым М.Т.Хоустма 1894 жылы жариялаған болатын. Қазіргі кезеңге дейін осы еңбек жайлы айтылып келген пікірлер осы басылымға сүйеніп айтылған. Осы еңбек бойынша Б.Флемингтің тұжырымдауынша жазба 1343 жылы 25 қаңтар күні жазылған. Мұсылмандық жыл санауға сәйкес хижралық 743 жылы 27 шабан айында жазылуы аяқталған [6, 26]. Еңбектің авторы ретінде Халил ибн Мухаммад ибн Исуф ал-Коневи аталған. Дегенмен ғалымдардың арасында бұл тақырыпта дау туып, пікірлері бір арадан шыға бермейді. Мысалы, ғалым З.Б. Мухаммедова оны автор емес, қолжазбаны көшіріп жазушы адам ретінде қарастырады. Бұл еңбектің сыр-сипатын танытуда Э.Н. Наджип түркиялық ғалым А.Ынанның ал-Коневи осы еңбектің авторы саналады және ол оғыз тілінде сөйлеген деген пікіріне сүйенеді.

Қазақ ғалымы Ә. Құрышжанов сөздікте оғыз сөздері ажыратылмағанын, түрікмен тілі деп ескертілмегенін айтып, аталған пікірге сенімсіздікпен қарайды [6, 26]. Ғалым сөздіктен *ақын*, *қойун*, *итмек* секілді оғыз сөздерін ажырата қараған. Ғалымдар Ә. Қайдар, М. Оразов бұл еңбектің соңы осы кітапты жазған жаратушының қарапайым пендесі Халил ибн Мухаммад ибн Исуф ал-Коневи деген сөйлеммен аяқталғанын айтады [6, 26]. Кітаптың жазылған уақыты бойынша да ғылымда нақты бір тоқтамды сандар айтылмайды. Барлық деректер негізінде шамамен XIII ғасырларда жазылған ескерткіш деп атауға болады. Еңбектің сөздік қоры қыпшақ тіліне қатысты екені белгілі. Дегенмен осы кезеңдегі басқа да ескерткіштер тілі секілді мұнда да оғыздық элементтер ұшырасады. Алғашқы зерттеулер М.Т.Хоустманың жарияланымы бойынша жүрді. Оны алғаш зерттеп, тілін қарастырған ғалым П.Н.Мелиоранский бұл еңбектің тілі әйгілі «Кодекс куманикусқа» жақын келетінін айтқан [6, 26]. Кей ғалымдар «Китаб-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегін Мысырдағы жергілікті араб халқына қыпшақ тілін үйрету үшін жазылған оқу құралы ретінде атаған [7, 6-7]. Мәмлүк қыпшақтары кезінде туған әдеби шығармаларды тіл білімі әрі әдебиеттану тұрғысынан

зерттеуде түркиялық ғалымдар елеулі еңбек етті [8, 9]. Бұл салалардағы еңбектердің біразын мысал ретінде атауға болады. Мехмет Фуад Күпірүлзаде түрік әдебиетінің тарихын сипаттауда қыпшақ әдебиетінің Мысыр жеріне бару тарихына тоқталса, ғалым А. Инан XIII-XV ғасырлар шамасында мәмлүк қыпшақтарында пайда болған оғыз және қыпшақ диалектілеріне тоқтала келе, олардың айырмашылықтарын сипаттап береді [8, 10].

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткіші сөздік әрі грамматикалық анықтамалық болып табылады. Сондықтан оның сөздік бөлімін, араб, қыпшақ, моңғол, парсы сөздерін бөліп алуымыз керек. Автордың түсіндірмесі бойынша және қазіргі тілі негізінде олардың анықтамасын береуіміз қажет болады. Бұл мәселеде қыпшақ тіліндегі мұралар тіліне кешенді зерттеу жұмыстарын арнаған филология ғылымдарының докторы А.Н.Гаркавецтің еңбектеріне жүгінуіміз қажет. А.Н. Гаркавец «Қыпшақ жазба мұралары» атты еңбегімен қыпшақтану саласынан орын алады. Сонымен қатар орыс тілінде «Великая степь в античных и византийских источниках» жинағы да жарық көрді. А.Н.Гаркавецтің зерттеуі бойынша еңбек бірнеше бөлімнен тұрады: қыпшақ фонетикасы бойынша нұсқаулық, грамматика бөлімі, бұрын біреу жасаған араб-түркі сөздігі. Зерттеуші қыпшақ және түрікмен яғни оғыз диалектісін, араб, парсы және басқа да тілдердің лексикасын ажыратады.

Ескерткіште ұсынылған сөздерді мағыналық топтарға бөлуіміз керек. Мысалы, өсімдік пен жануар атаулары, қару-жарақ атаулары, шаруашылық пен кәсіпке қатысты сөздер және тағы басқа. Бірақ еңбектегі сөздерді әр жерінен мысалға алып талдамай, еңбектің құрылымына, сөздіктегі мағыналық, тақырыптық топтарға назар аударуымыз қажет. Бұл біздің дереккөздерді іздеуімізді жеңілдетеді. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінің негізгі тарауларын А.Н.Гаркавецтің жіктеуі бойынша негізгі тарауларды анықтауға болады. Жазба ескерткіші басты төрт бөлімнен тұрады. Бірінші тарауы қыпшақ тіліндегі атау сөздерді қамтыған. Екінші тарауда етістіктер мен қалау райлы етістіктер берілген. Үшінші бөлімде де есім сөздер мен етістіктер қоса берілген. Төртінші тарау мұраның ерекше бөлімі саналады. Еңбектің практикалық бөлігі деп атауға болады, онда сөздердің айтылуы көрсетілген.

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің бірінші бөлімнің лексикалық қоры бірнеше тараушаларға ажыратылады. Бірінші тараушаны аспан және *аспан денелеріне қатысты сөздер жиынтығы* деп қарауға болады. Еңбекте қыпшақ тіліндегі сөздермен қатар оғыз диалектісі бірге жүреді. Мұны автордың өзі айқындап өткен. Мысалы, қазіргі «жаңбыр» сөзі қыпшақ тілінде «*yamğur*» болса, оғыз диалектісінде «*yağmur*», ал «найзағай» сөзі қыпшақ тілінде «*yaşın*», оғыз тілінде «*yulduz*» нұсқаларында келеді [9, 321]. Қыпшақ тіліндегі сөздердің лексикалық ерекшелігін талдау мақсатында оғыз диалектісін шартты түрде қалыс қалдыруымыз қажет. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішіндегі аспан және аспан құбылыстарының атаулары: *kök (аспан), kıyır (аспан), kün (күн), kıyaş (күн сәулесі), ay (ай), aydın (ай жарығы), yulduz (жұлдыз), tuman (тұман), yamğur (жаңбыр), yel (жел), burçak (бұршақ), buz (мұз), savuq (суық), issi (ыстық), yaşın (жасын, найзағай)*. Сонымен қоса ай фазаларына байланысты *yağı ay (жарты ай), ay tolun (толық ай)* атаулары кездеседі. Бұл топтағы кей сөздер көп мағыналы болып келеді. Мысалы, *kök (көк)* атауы

«аспан» мағынасын және аспан реңін білдіретін көк түс атауын білдіреді. Сонымен қоса қыпшақ тілінде бұл сөз тұқым және тамыр ұғымдарын да береді. Қыпшақ тіліндегі «ау» аспан денесі атауынан бөлек қазіргі қазақ тіліндегідей күнтізбелік ай мағынасында да жұмсалған.

А.Н. Гаркавецтің топшалауы бойынша еңбектің моңғол бөлімінде біздің қолымыздан тыс қалған түркологиялық жазбалар бар. Соның ішінде жеке тұлғалар жөнінде екі бөлім бар. Мұнда 11 ер адамның және 6 әйел адамның қыпшақ тіліндегі есімдері моңғол тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылған (олардың ішінде аспан денелеріне қатысты кісі есімдері кездеседі). Олар: *Aybek* (Айбек), *Aytoğdy* (Айтұды), *Küntoğdy* (Күнмұды), *Aytemür* (Айтемір) сияқты ер адамның есімдері және *Ayhatun* (Айқатын), *Künhatun* (Күнқатын) сияқты әйел есімдері [9, 7]. Сонымен қоса аспан денелерінің жеке атауы да ұшырасады. Мысалы, *Ülkär* (Үркек жұлдызы).

Ескерткіш мәтініндегі келесі бір лексикалық топ *жер және жер бедеріне қатысты атаулардан* тұрады. Бұл топтағы лексикалық бірліктер де сол кезеңдегі қыпшақ тілін, сөздік құрамын танытады. Қыпшақ тіліндегі баламасымен қатар қолданылаған басқа тіл бірліктері де еңбекте қамтылған. Мысалы, қыпшақ тіліндегі «*kerman*» (қала) сөзімен қатар парсы тіліндегі «*šāhār*» (қала) сөзі де берілген [9, 327]. Бұл сөздер бәріне ұғынықты болып, қатар қолданыста болған. «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегіндегі жерге байланысты және жер бедеріне қатысты атаулар: *toprak* (топырақ), *qum* (құм), *qayır* (қиыршық тастар, ұсақ тастар), *taş* (тас), *oy* (алқап), *in* (үңгір), *yol* (жол), *yurt* (елді мекен), *yaban* (шөлді дала), *quru* (құрғақ жер). Тау сөзінің қыпшақ тілінде екі нұсқасы кездеседі. Олар: «*tağ*» және «*dağ*». Бұл топта бірнеше көп мағыналы сөздер бар. Қыпшақ тіліндегі «*уег*» сөзі жер, жер телімі, біреудің орны мағыналарында қолданылады. Көне қыпшақ тіліндегі «*уаг*» сөзі жартас әрі жағалау мағынасында, «*уазі*» сөзі жазық дала әрі шөлді дала мағынасында қолданылған.

Көне мұраның авторы осы тақырыпта қала, тұрғын жай, құрылыс салаларына қатысты сөздерді де қоса қараған. Бұл жерден қыпшақ бірліктерімен қоса, араб және парсы тіліндегі баламалардың да қатарын бергенін байқауға болады. Сол кезеңде қыпшақ тіліне араб және парсы сөздері еніп үлгерген және тұрақты қолданыс тапқан деп топшылауға болады. Мысалы, «*serāy*» (сарай), «*dīvār*» (қабырға, қамал), «*kilit*» (кілім), «*hissar*» (қоған). Бұл сияқты отырықшылық мәдениетке қатысты тілдік бірліктер араб және парсы тілдерінен келіп енген [9, 325-27]. Қыпшақтар көшпелі тұрмыс кешкендіктен жаңа зат атауы басқа тілдерден еніп отырған.

Жазба ескерткіштің келесі бір тобын *су көздері және оған қатысты зат атаулары* құрайды. Су көздерінің атауларына *su* (су), *teñiz* (теңіз), *özen* (өзен), *bulaq* (ағын, бұлақ), *köl* (көл, шұңқыр), *köz* (су көзі, бұлақ көзі), *tärin su* (терең су), *taşkın su* (тасқын су), *kirān su* (жиналған су), *aqar su* (ағынды су), *teñiz kıyığı* (теңіз жағалауы) және тағы басқа да сөздерді атауға болады. Осы топта да қыпшақ-оғыз диалектілігі кездеседі. Мысалы, қыпшақ тілінде «*уіқтақ*» (бұлақ), ал оғыз тілінде «*риңар*» (су көзі) халық тілінде қатар қолданысқа ие болған. Автор тарихи сөздікті құрастыру барысында осы тақырыптағы екінші лексикалық топқа суға қатысты қолданылып жүрген сөздерді енгізген. Олардың қатарында *balıq* (балық), *qurbağa* (құрбақа), *sülük* (сүлік) сияқты су жануарлары мен *käti*

(кеме), (*qatırğa*) теңіз кемесі секілді сөздерді кездестіруге болады. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қыпшақ тілі лексикасының қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорында сақталғанын байқау қиын емес.

Сөздерді қолдану тарихын сипаттау – олардың мағыналырының эволюциясын қарастыру деген сөз [10, 182]. Сөз мағынасының тарихы тек дамумен сипатталмайды. Сөз мағынасының ауысуы, күңгірттенуі, тарылуы, жойылуы да мүмкін. Мұның барлығы тарихи үрдіс ретінде танылып, олардың мәні осындай жазба ескерткіштердің лексикалық қорын талдау барысында таныла түседі.

«Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» жазба ескерткіші – мәмлүк қыпшақтар тілінің лексикасын танытатын негізгі сөздіктердің бірі. Басты ерекшеліктерінің бірі әр сала сөздерін топтастыра алуында және көп тілді сөздік түрінде ұсынылуында. Сөздік қоры жөнінен қыпшақ және оғыз диалектісін ажыратуға болады. Дегенмен сөздердің басым көпшілігі қыпшақ тіліне қатысты. Еңбектен сөздердің мағыналық топтарын ажырата қарауға болады. Соның негізінде аспан және аспан денелеріне қатысты сөздер, жер және жер бедеріне қатысты сөздер, су көздері және суға байланысты сөздер тобы ажыратылып, қазіргі қазақ тіліндегі баламасы ұсынылды. Таладау нәтижесінде қыпшақ лексикасының қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын құрағанына көз жеткіземіз. Еңбекте жалқы есімдер де кездеседі. Сонымен қоса кейбір лексикалық бірліктердің антропоним жасауда белсенді қолданылғанын байқауға болады. Қазақ тіліндегі араб және парсы тілдерінің бірліктерінің енуі қыпшақ кезеңінен бастау алатынын дәлелдеуге болады. Мәмлүк қыпшақтары тілі араб, парсы, моңғол тілдерінен сөз қабылдаған және олар қазіргі қазақ тілінде сол қалыбында қолданылып келеді.

Қорытынды

Мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері қазіргі қазақ тілінің тарихи мұраларына жатады. Тарихи кезеңдері, сақталу географиясы, жазу әліпбиі, жазылу себебі бөлек болып келетін қыпшақ мұралары кешенді зерттеуді талап етеді. Аталған топтардағы жазба ескерткіштердің әрқайсысы әр елде, әр мәдени орындарда, әр мемлекеттерде сақталып, ғалымдар назарына іліккендері жаңадан басылып шығып жатты. Зерттеулер де сол жаңа басылым негізінде жүргізілді. Бұл жазба мұралардың Қазақстанда сақталмағанын ескерсек, жаңа басылымдардың қазақ тілінде жарық көрмегені де белгілі. Қыпшақ жазба мұралары қазақстандық ғалымдар еңбегінде анықтамалар, түсіндірмелер, мысалдар негізіндегі шағын талдаулар түрінде көрініс берді. Кейбір ғалымдар жекелеген қыпшақ мәтіндеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде қыпшақтанудың бағыт-бағдары айқындала бастады десек те жаңылыспаймыз. Қыпшақтанудағы бірінші міндет мұраларды топтау, жинақтау, дәуірлеу болса, келесі міндет оларды жеке-жеке әрі бірлікте қарастырып, теориялық негіз қалыптастыру. Қазіргі уақытта мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткішіне жеке-жеке зерттеулер арналуда.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында жазылды (AP19679974).

Авторлардың қосқан үлесі:

Қ.К. Кенжалин – мақала материалдарын саралап, талдау жасауға пайдалы деректер жинақтауға ат салысты;

Н.Қ. Шалғынбай – мақаланың тұжырымдамасына, мақала тақырыбына қатысты материалдарды оқып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1971. – 276 б.
2. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
3. Қайыржан К. Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер», 2013. - 480 б.
4. Сәки Қ. Қыпшақ мәмлүктер. – Астана: «Фолиант», 2006. – 464 б.
5. Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: «Қазақстан», 1966. – 210 б.
6. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Арыс», 2004. – 360 б.
7. Toparlı R. Çögenli S. Nevzat H.Y. Kitab-i mecmü-i türki ve acemi ve mugali. – Ankara, 2000. – 165 б.
8. Әлібекұлы А. Мәмлүктер кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2008. – 176 б.
9. Гаркавец А.Н. Китаб-и Маджму-и Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О.О. Туякбаева. – Алматы: «Баур», 2019. – 600 с.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Т.4. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 б.

Қ.К. Кенжалин, Н.Қ. Шалғынбай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Лексические особенности памятника «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали»

Аннотация. Произведения, написанные на древнекипчакском языке, имеют разные места написания, используемые надписи, цели в написании, исторические периоды. Не все такие памятники сохранились. Одна из их групп считается наследием мамлюкских кыпчаков. Количество наследств невелико. Текст кыпчакской надписи «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» отличается своей масштабностью. Этот письменный памятник написан на языке кипчаков в египетском государстве. При написании текста памятника использовалась арабская письменность. Словарный раздел текста полностью сохранен.

Язык мамлюкских кыпчаков в Египте считается не до конца изученной темой. Одной их группе посвящается исследовательская работа. Но перевод на казахский язык, их полное изучение не реализуются. Памятнику письменности «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» были даны разъяснения и посвящены отдельные научные статьи. Но полного анализа лексического фонда памятника не проводилось. Труд «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве

ажеми ве мугали» в свое время служил словарем и учебным пособием для овладения кыпчакским языком. Этот труд доказывает господство кыпчаков в Египте и может отражать словарный запас кыпчакского языка. Поэтому важно провести анализ лексического запаса этого труда.

Ключевые слова: кыпчаковедение, лексика, кыпчакский язык, памятник исторической письменности, мамлюкские кыпчаки.

K.K. Kenzhalin, N.K. Shalgynbay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The Lexical Features of the monument «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali»

Abstract. Works written in the ancient Kypchak language have different places of writing, inscriptions used, purposes in writing, historical periods. Not all such monuments have been preserved. One of their groups is considered to be the legacy of the Mamluk Kypchaks. The number of inheritances is small. The text of the Kypchak inscription «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali» is distinguished by its scale. This written monument is written in the language of the Kypchaks in the Egyptian state. Arabic script was used when writing the text of the monument. The vocabulary section of the text is completely preserved.

The language of the Mamluk Kypchaks in Egypt is considered an under-studied topic. A research paper is dedicated to one of their groups. But the translation into the Kazakh language and their full study are not implemented. Explanations were given and separate scientific articles were devoted to the monument of writing «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve mugali». But a full analysis of the lexical fund of the monument was not carried out. The work «Kitabi-i intermu-i Terzhuman-i Turki ve ajemi ve Mugali» at one time served as a dictionary and textbook for mastering the Kypchak language. This work proves the dominance of the Kypchaks in Egypt and may reflect the vocabulary of the Kypchak language. Therefore, it is important to analyze the lexical stock of this work.

Keywords: Kypchak studies, vocabulary, Kypchak language, monument of historical writing, Mamluk Kypchaks.

References

1. Aidarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. Kone turki zhazba eskertkishterinin tili [The language of ancient Turkic written monuments] (Mektep, Almaty, 1971, 276 p.). [in Kazakh]
2. Kaliyev B. Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, 2014, 728 p.). [in Kazakh]
3. Kairzhan K. Soz - sandyk: Kazaktyn kone sozderi [Word-digital: ancient Kazakh words] (Oner, Almaty, 2013, 480 p.). [in Kazakh]
4. Saki K. Kypshak mamlukter [Kypchak Mamluks] (Foliant, Astana, 2006, 464 p.). [in Kazakh]
5. Ezhelgi madeniet kualary [Witnesses of ancient culture] (Kazakhstan, Almaty, 1966, 210 p.). [in Kazakh]

6. Kaidar A., Orazov M. Turkitanuga kirispe [introduction to Turkology] (Arys, Almaty, 2004, 360 p.). [in Kazakh]
7. Toparlı R., Çögenli S., Nevzat H.Y. Kitab-i mecmü-i türki ve acemi ve mugali [Book-i majmu-i turki and novice and mugali] (Ankara, 2000, 165 p.). [in Turkish]
8. Alibekuly A. Mamlukter kezindegi turki-kypshak adebieti [Turkic-Kypchak literature of the Mamluks] (Arda, Almaty, 2008, 176 p.). [in Kazakh]
9. Garkavets A.N. Kitab-i Madzhmu-i Tardzhuman-i Turki va Adzhami va Mugali va Farsi. «Svodnaya kniga perevodchika po-turkski, i po-persidski, i po-mongol'ski, i na farsi» Halila bin Mukhammada bin Iusufa al-Kunavi / Pri uchastii O.O. Tuyakbaeva [«The consolidated book of the translator in Turkic, and in Persian, and in Mongolian, and in Farsi» by Khalil bin Muhammad bin Yusuf al-Kunawi / With the participation of O.O. Tuyakbayev] (Baur, Almaty, 2019, 600 p.). [in Russian]
10. Syzdykova R. Sozder soileidi. T.4. [The words speak. Vol. 4] (El-shezhire, Almaty, 2014, 412 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Кенжалин Қ.К. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Шалғынбай Н.Қ. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kenzhalin K.K. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Shalgynbay N.K. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).